

«Отбасы және тәрбие бастауы»



**Ата- ананың басты -
қазығы, алтын тіреу
діңгегі - бала.**

- * Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі. Сондықтан оны нығайту керек.**
- * Отбасында тыныштық болса – үйде тыныштық болады;**
- * Үйде тыныштық болса – мемлекетте тыныштық болады.**
- * Мемлекетте тыныштық болса – әлемде тыныштық болады.**

- * Психиатрлар баланың нәрестелік кезеңінен 5-6 жасқа дейінгі кезеңдегі дамуының өте маңызды екенін баса айтады.
- * Бұл кезде ата-ананың баланың ақыл-ой дамуына әсері өте күшті. Бұл баланың тұлғалық дамуына ең бірінші және басым әсер етуші фактор және негізгі мінез-құлық үлгісі болып табылады.



БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТИПТЕРІ

Орынсыз қамқорлық (бала ата-анасының орынсыз қамқорлығына еті үйреніп, дағдыланғаны сондай, өз бетімен шешім қабылдай алмайды).

Орынсыз жұмсақтық (көнгіштік) (баланың мінез-құлқын бүлдіреді, басқаларға түсіністікпен қарамайды)

Орынсыз қорқыныш, үрей (баланы мазасыз етеді, тіпті психосоматикалық ауруларға апарады).

Балалардың мінез-құлқына кері әсер ететін ата-аналардың қарым-қатынас типтері

Жоғары талаптар қою (балалар сасақалақ, жабырқаңқы, тұнжыраңқы болып, сәтсіздікке ұшыраймын деген сезім басым болады)

Кемсіту, елемеу (мұндай сезіммен өскен балаларда агрессия, ашу-ыза басым, қызба болады. Өсе келе түрлі қылмсыс, зорлық-зомбылық жасау, нашақорлық сияқты келеңсіз жағдайларға бой алдыруы мүмкін).

Ынтымақтастықта тәрбиелеу

* Күнделікті өмірде ата-аналар балалаға үлгі болуы тиіс. Өзге адамдардан тек жақсылықты көруге үйрету керек және олармен өздеріне басқалардың қандай қатынас жасағанын қаласа, өздері де сондай қатынас жасауға тиіс екенін үйрету керек.

Ата-аналар отбасында мінез-құлық ережесін жасауы керек және оны өздері де бұлжытпай орындап, сол ережеге бағынып отыруы керек.

Жанұяның негізгі міндеттері:

- Баланың үздіксіз дамуын қадағалау.
- Бала денсаулығына қамқорлық жасау.
- Еңбек тәрбиесі мен мамандық таңдауға және баланың жан-жақты дамуына көмектесу.
- Баланың қызығушылығын, бейімділігін, шығармашылығын дамыту.
- Баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға сонымен қатар болашақ өмірге дайындау.

Ата-ана келеңсіз жағдайларда өзін қалай ұстау керек?

- Баланы түсінуге тырысу;
- Сеніміне қолдау жасау;
- Бәрінің өткінші екендігін түсіндіру және тыныштандыру;
- Жиі мақтап жаман ойлардан арылту;
- Кейімеу, жазаламау;
- Өмірін жақсартып, оны жақсы көру;
- Қарым-қатынасты қалыпқа келтіру;
- Қорқынышты фильмдер мен шығармаларға уақытша шектеу жасау;

Егер балаңызды жақсы көргіңіз келсе...

1- кеңес.

Баланы ерекше әлпештеп жібермеңіз. Мейлі үйде, мейлі түзде болсын, бала елден ерек екенмін деген сезімде болмауы, басқаларды құрметтеуді ұғынуы жөн. Тіпті әлпештеуге тура келген жағдайда да оны баланың өзіне сездіруге болмайды.

Баланы орынсыз мадақтай бермеңіз.



2-кеңес.

Баланың ырқына жүгіре бермеңіз. Бала не талап қойса да елпілдеп, айтқанын да, айтпағанын да алып беруге болмайды. Өте керекті зат, ақша секілді нәрселерге келгенде қайсысының қажет, қайсысының қажет емес екенін айтып, түсіндіріп қоюы қажет. Өйтпеген жағдайда бала ысырапшылық әдетке дағдыланып қалады да, басқалардың еңбегін қадірлеуді білмейтін болады.



3- кеңес.

Баланың дербестігін тартып алмаңыз. Оның ана ісіне де, мына ісіне де алаңдап қолынан келетін істеуге болатын істерінің бәріне араласа беруге болмайды. Ондай бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын жалтақ болып қалады.



Қорытынды.

Өмірдің өтпелі қиын кезеңінде ұл-қыздарымыздың саналы тәрбие мен нақты білім алуларына күш салайық. Балаға жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет етуіміз қажет ...





*Құрметті ата –аналар!
Біз сіздерді мектептегі оқушы өміріне
қатысты өтетін іс – шараларға және
мектептегі жиналыстарға белсенді түрде
қатысуларыңызды шақырамыз!*

Назарларыңызға рахмет!

